26.02.2020-ғы № 03-18/942 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«SMART BARS EXPORT» ЖШС-не

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 18.02.2020 жылғы №63124 хатыңызға төмендегіні хабарлайды.

Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен №3812680-1 *«Бәйдібек ауданының елді мекендерінде бейнекамераларын орнату»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) Қағиданың 150 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса конкурсқа жіберілмейді делінген.

Қағиданың 5-1 қосымшасының ескертуінің 7 тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмауы мүмкін.

Қағиданың 5-1 қосымшасының ескертуінің 8 тармағына сәйкес, жалға алу шартының электрондық көшірмесі немесе алдын ала жалға алу шартының электрондық көшірмесі материалдық ресурстарды жалға алу құқығын растайтын құжат болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі

26.02.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

конкурстық құжаттамада белгіленген жұмыстарды орындау мерзімінен кем болмауға тиіс делінген.

Конкурстық құжаттаманы 1-4 қосымшасының 4-тармағында әлеуетті өнім берушілерден «.....Автогидроподъемник или автовышка.....» болуы талап етілген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерден «автокөліктің техникалық байқаудан өткендігі жөнінде» растаушы құжаттары талап етілмегендігі анықталды.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында, әлеуетті өнім беруші «АльДекей» ЖШС-гі конкурстық өтінімінде «Біліктілігі туралы мәліметтерінің» 5-1 Қосымшасында конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес Ахметов Бахыт Кенжабаевичтен жалға алынған «Автовышка» ұсынғаны анықталды.

Сонымен қатар, Автокөлік құралының растаушы құжаттары болып жалға алу шартының электрондық көшірмесі немесе алдын ала жалға алу шартының электрондық көшірмесі және көлік құралын тіркеу туралы куәлігі екендігін назарыңызға саламыз.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, өтініш мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **А.Омаров**

Орын.: Қ.Мыңбаев
Тел.: 8 7252 35-00-35

Келісілген: А.Байкуашыов

26.02.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)